Оқыту экспериментке тоқталайық. Ана тілі оқулығынан (4 сынып) мәтін таңдап алып, оған сипаттама беріп, толық конспект жазып, сабақ өткіздік. Осы әдістемелік эксперимент бойынша біз оқушылардың ана тілі сабағында байланыстырып сөйлеу тілін әр түрлі әдіс тәсілдерді пайдаланып дамытуға тырыстық. Оқыту экспериментінің нәтижесі 2 кестеде көрсетілген.

«Қайтпай қалған қарлығаш» мәтініне сипаттама: мәтін оқушыларға өте қызық, сонымен қатар тәрбиелік мәні бар, балаларды адамгершілікке, бір-біріне қамқор болуға тәрбиелейді. Табиғатты қорғап, аялауға үйретеді. Жаңа және қиын сөздермен оқушылар тізбектесіп оқығанда танысады, оларды

талдайды. Жауап беру және әнгімелеу барысында осы сөздерді қолдану керек. Мәтінде 8 обзац бар, 5-ші және 8-ші обзацтар қиындау, сонымен қатар бұл жерде әр түрлі сөйлемдер кездеседі: жайылма, күрделі сөйлемдер кездеседі. Мәтін 3 бөлікке бөлініп оқылады:

- а) қарлығашты тауып алуы;
- ә) қарлығашты баланың асырауы;
- б) қарлығаштың ұшып кетуі.

Кіріспе әңгіме: балалар айтындаршы күзде құстар қай жаққа ұшып кетеді?

- құстардың қандай түрлерін білесіңдер?

Мұғалімнің оқуы

- Балалар бүгін біз жазушы Т.Тойбазарұлының «Қайтпай қалған қарлығаш» аты мәтінмен танысымыз. (Мұғалім мәтінді оқиды).

Сөздікпен жұмыс, мәтінді тізбектесіп оқығанда жүргізіледі: Ысырды, күн нұрына шағылысады, самғай көтерілді, мекендеп жүрді.

Мәтінді оқушыларға оқыту;

а) Оқушылар мәтінді ызыңдап 5 минут оқиды, уақыт өткен соң мұғалім басқа тәсілге көңіл аударады – тізбектеп оқуға.

ә) мәтінді оқушылар тізбектеп оқиды. Осы оқу барысында, жоғарғы топтағы балалар обзацпен оқиды. Орташа топтағы балалар 2 сөйлемнен оқиды. Төменгі топтағы балалар 1 сөйлемнен оқиды;

б) тақтаға 1 обзац жазылады, оның ішінде бір-екі жана қиын сөз болуы тиіс. Осы сөздер тақтада буындап жазылады. Бұл обзацты оқушылар хормен оқиды мұғаліммен бірге және топтап оқиды;

в) жақсы оқитын бала мәтінді тұтас оқып шығады, басқа оқушылар әдістемелік аппарат бойынша жауап берді.

Асан қорада нені көрді? Аялуым, Бақкелді – қарлығаш. Неге қарлығаш жылы жаққа ұшпай қалды? Аялулым, Бақкелді, Тоғжан – жараланған. Жақия, Лаура, Алан – алдыңғы оқушылардың жауаптарын қайталады.

Қарлығашқа не болды? Динара, Әли, Арлан – қанаты сынған.

Асан қарлығашты қалай асырады? Аялулым, Бақкелді, Тоғжан – жараланған. Жақия, Лаура, Бексұлтан – алдыңғы оқушылардың жауаптарын қайталады.

Мәтінді рөлдеп оқу (оқушылардың оқығанын бағалау).

Ескерту: бұл мәтін 2, 4, 5 сыныптарда оқылды.

Сабактан кейін оқушылардың жауаптары талданды. Талдауды 3 көрсеткішпен (критерий) анықтадық: мәтіннің жүйелі әнгімеленуі, мәтіннің дұрыс әнгімеленуі, мәтіннің толық әнгімеленуі. Бұл көрсеткіштер 2 кестеде белгіленген.

**Кесте 2 Ана тілі пәні бойынша бастауыш сынып оқушыларының байланыстырып сөйлеу тілін дамыту барысында жүргізілген оқыту экспериментінің көрсеткіштері.**

Сыныптар	Мәтіннің жүйелі әңгімеленуі		Мәтіннің дұрыс әңгімеленуі			Мәтіннің толық әңгімеленуі	
	сақталуы	сақталмауы	өзгеріссіз	Мазмұнының бұзылуы	Мазмұнын өзгертпей толықтырылды	толық	Фрагменттік түрде
2 сынып 10 оқушы	7	3	4	4	2	5	5
4 сынып 12 оқушы	9	3	4	4	4	6	6
5 сынып 10 оқушы	7	3	5	2	3	7	3

Оқыту эксперименті барысында қолданылған түрлі әдіс-тәсілдер арқылы біз біршама нәтижеге жеттік. Бұл 2 кестеде көрсетілген, мәтіннің жүйелі әңгімеленуін сақтап жауап берген оқушылар 23, мысалы: «Асан қорада нені көрді?» Аялуым, Бақкелді – қарлығаш. Жүйелілігі сақталмауы – 9 оқушыда, мысалы: «Асан қорада нені көрді?» - Али – сиырды көрді. Мәтіннің дұрыс әңгімеленуін өзгеріссіз жауап берген 13 оқушы, мысалы: «Неге қарлығаш жылы жаққа ұшпай қалды?» Аялуым, Бақкелді, Тоғжан – қанатынан жараланған. Мәтін мазмұнының бұзылуы – 10 оқушыда көрініс тапты, мысалы: «Неге қарлығаш жылы жаққа ұшпай қалды?» - Жақия, Лаура, Алан – ол ұмытып кетті. Мәтін мазмұнын өзгертпей толықтырылуы – 9 оқушыда байқалды, мысалы: «Қарлығашқа не болды?» - Динара, Әли, Арлан – қанаты сынған. Мәтіннің толық әңгімеленуі – 18 оқушыда дәлелденді, мысалы: «Асан қарлығашты қалай асырады?» - Аялуым, Бақкелді, Тоғжан – нан, тары, су беріп күтті. Мәтіннің фрагментті түрде әңгімеленуі – 14 оқушыда байқалды, мысалы: Жақия, Лаура, Бексұлтан – 1 обзацты ғана айтты. Бұл жауаптардан оқушылардың байланыстырып сөйлеу тілінің біршама жетілгенін көреміз.

Анықтау эксперименті кезінде алынған нәтижелерді ескере отырып, біз бірнеше әдіс-тәсілдерді қолдану барысында оқушылардың байланыстырып сөйлеу тілін дамытуға бағытталған оқыту эксперименттік жұмысында жақсы нәтижеге жеттік. Біздің қолданған әдістеріміздің түрлерін атап өтсек: сөздік жұмыс – мазмұнын әңгімелеу, әңгімелесу, көрнекілік – құралдарды пайдалану (зағтық және сюжеттік суреттер), суреттермен жұмыс.

Анықтау және оқыту экспериментінің нәтижесін салыстырғанда (жоғарыда көрсетілгендей) оқыту экспериментінің көрсеткіштері бірталай басым. Сондықтан біз 2-4-5 сыныптағы оқушыларды үш топқа бөліп, олардың динамикасын байқадық (үш критериймен). 1,2 кестеде көрсетілген.

Зерттеу нәтижесінде алынған деректер келесі критерийлер бойынша талданды:

- мәтіннің жүйелілігі;

- толықтылығы;
- дұрыстылығы.

Осы көрсеткіштерге сүйене отырып, оқушылардың жауабын 3 топқа бөлдік (3 кестеде көрсетілген).

Сынып	Критерийлер (көрсеткіштер)		
	Мәтіннің жүйелілігі	Толықтылығы	Дұрыстылығы
2	20%	35%	45%
4	25%	35%	40%
5	25%	25%	50%

Бірінші топқа жалпы 50% оқушылар кірді: олардың жауаптары дұрыс, толық. Әңгімелеу барысында жаңа сөздерді пайдалануға тырысты. Олар мәтіннен көптеген сөйлемдері қолданды.

Екінші топтағы балалар 30% құрады: олар мәтінді фрагментті түрде айтып берді. Кейбір жаңа сөздерді пайдаланған жоқ, сөйлемдердің құрылымын сақтамады, сөздің және сөз тіркестерін тастап кетті, сондықтан олардың әңгімелеу мазмұны кедей, толық емес.

Үшінші топтағы оқушылар 20% құрады: олар мәтіннің негізгі ойын жеткізе алмады. Негізгі ойдан ауытқып кетіп, мазмұнын бұрмалап, дұрыс айтып берген жоқ.

1. Аксенова А.К. *Методика обучения русскому языку во вспомогательной школе.* – М., 2004.

2. Бектаева К.Б., Букеежанова Г.Ж. *Ана тілі көмекші мектептің 3-4 сыныбына арналған оқулықтар.* - Алматы, 2003.

3. Бектаева К.Б. *Ана тілі әдістемесі.* – Алматы: Мектеп, 2004.

4. Таурбекова А.С. *Бастауыш сынып оқушыларын байланыстырып сөйлеуге үйретудің әдіс-тәсілдері // Бастауыш мектеп.* - 2008. - №11.

#### Резюме

В статье рассматриваются особенности связной устной речи учащихся на уроках чтения и некоторые методические условия, направленные на развитие всех сторон речи.

#### Summary

This article considers the development of connecting studing at the elementary classes of special schools.

## **ВЛИЯНИЕ НЕТРАДИЦИОННЫХ ТЕХНИК РИСОВАНИЯ НА РАЗВИТИЕ ВЫСШИХ ПСИХИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ У ДЕТЕЙ С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА**

**Л.Х. Макина –**

*к. психол. н., доцент КазНПУ им. Абая*

**А.В. Распопин -**

*студент 2- курса (з/о) по специальности дефектология*

Мир, в котором живет современный ребенок, образ жизни среднестатистической семьи, по сравнению с недавним прошлым, существенно изменился. Социально-экономические проблемы жизни общества, оказывающие негативное влияние на большинство семей, ухудшение экологической ситуации в Казахстане порождают условия, при которых значительно снижается уровень физического и нервно-психического здоровья детей.

Особую тревогу вызывает рост количества детей с задержкой психического развития (ЗПР). Это понятие употребляется по отношению к детям со слабо выраженной органической недостаточностью центральной нервной системы или с признаками ее функциональной незрелости.

Количество детей, у которых уже в дошкольном возрасте обнаруживаются отклонения в развитии, весьма значительно. Соответственно, велик риск школьной дизадаптации, неуспеваемости, социокриминальных последствий в будущем, что и ориентирует исследователей на поиск и осуществление эффективной коррекционно-развивающей помощи, оказываемой интенсивно на всех этапах дошкольного развития ребенка.

Работая с этой категорией детей – дошкольников, педагоги определяют для себя приоритетные направления работы, выделяя более оптимальные, для реализации цели и задачи. Наиболее распространенным направлением работы с детьми с проблемами в развитии в настоящее время является артпедагогика.

Артпедагогика, являясь областью научного знания, позволяет рассматривать в рамках специального образования не только художественное воспитание, но и все компоненты коррекционно-развивающего процесса (развитие, воспитание, обучение и коррекцию) средствами искусства, а также формирование основ художественной культуры ребенка.

Изобразительное искусство или изотерапия, является одним из направлений артпедагогики.

Из видов изобразительной деятельности наибольшее предпочтении в коррекции познавательных процессов отводится рисованию. Рисование тесно связано с наглядно-действенным и наглядно-образным мышлением. Работая над рисунком, ребёнок учится выделять особенности, качества, внешние свойства предмета, главные и второстепенные детали, правильно

устанавливать и соотносить одну часть предмета с другой, передавать пропорции, сравнивать величину деталей, сопоставлять свой рисунок с натурой. В процессе рисования дети учатся рассуждать, делать выводы, развивается внимание, память. У детей возникают положительные эмоции, усиливается работа воображения. Благодаря рисуночной деятельности развивается зрительно-двигательная координация, происходит развитие функций руки, совершенствуется мелкая моторика кистей и пальцев рук. Ребёнок учится удерживать определённое положение корпуса, рук, наклон карандаша, кисти, регулировать размах, темп, силу нажима, слушать и запоминать задание, выполнять его по определённому плану, оценивать работу, находить и исправлять ошибки, планировать деятельность, доводить начатое до конца (Р.Г. Казакова, В.Б. Косминская и др.). [1]

Значимыми исследователями, ориентированными на формирование изобразительной деятельности в коррекционных целях для детей с нарушением интеллекта школьного и дошкольного возраста, стали: З.А. Апацкая (1985); Е.А. Екжанова, Е.А. Стребелева (1999,2000,2003); О.П. Гаврилушкина (1976); О.П. Гаврилушкина, Н.Д. Соколова (1985, 1991, 2001); Т.Н. Головина (1974); И.А. Грошенко (1985); Э.Г. Кярнер (1988); Е.А. Шилова, 1996); для детей-дошкольников с задержкой психического развития (Е.А. Екжанова, 1989,1993,2000). [2]

Для детей дошкольного возраста с интеллектуальной недостаточностью в большинстве случаев характерно отсутствие потребности в рисовании, лепке и аппликации. На становление характерных видов детской изобразительной деятельности заметно влияет их выраженная двигательная неловкость, в частности, имеющиеся нарушения мелкой моторики и зрительно-двигательной координации. Отсутствие целенаправленных приемов анализа, сравнения, систематического поиска, полного охвата материала, применения адекватных способов действий приводит к тому, что деятельность этих детей приобретает хаотичный, беспорядочный и неосмысленный характер.

Рисунки детей данной категории отличают схематичность изображения, повторяемость элементов и скученность их на плоскости листа, присутствие «графических штампов», частое отсутствие существенных признаков предметов, «зацикливание» в использовании цвета (чаще всего при возможности выбора из большого количества цветов они выбирают и используют один, реже два цвета).

Техника рисования также весьма примитивна. Дети не умеют или не могут длительное время правильно удерживать инструмент (карандаш, кисть) в ведущей руке, производить точные, согласованные движения, контролировать и регулировать их силу, скорость, ритм. При создании декоративных композиций дошкольники затрудняются в воспроизведении последовательности элементов узора, отражении пространственно-временной организации орнамента (ритма и чередования элементов), однако, при активной помощи со стороны взрослого, они способны повторить простой мотив. Практика показывает, что применение в детской изобразительной

деятельности нетрадиционных художественных техник способствует не только расширению художественного опыта детей и является одним из эффективных путей повышения выразительности художественного образа в их работах, но и становится более доступным средством изобразительной деятельности. Работа с нетрадиционными техниками изображения стимулирует положительную мотивацию рисуночной деятельности, боязнь не справиться с процессом рисования у ребенка со временем исчезает.

Традиционной техникой рисования для детей считается рисование карандашом и красками (Т.С. Комарова, Н.П. Сакулина и др.). Под нетрадиционными для дошкольного образования понимаются те техники («пальцевая живопись», «коллаж», «оттиск» и др.), в которых изображение выполняется нехарактерными для рисования предметами (комочками ниток, штампами, помазками, свечой и др.). Следовательно, термин «нетрадиционный» подразумевает использование новых материалов, инструментов, способов рисования, которые не являются общепринятыми, традиционными (в пер. с лат. *traditio* - привычный) в педагогической практике образовательных учреждений. [3]

Т.С. Комарова пишет, что «исходя из разнообразия рисовательной техники в изобразительном искусстве и учитывая возможности детей дошкольного возраста, целесообразно обогатить техническую сторону детского рисования. Этого можно достигнуть, разнообразив способы работы уже известными в широкой практике красками и карандашами и используя новые материалы (цветные восковые мелки, акварель и т.д.), а также сочетая в одном рисунке разные материалы и технику». [4]

Применение нетрадиционных техник рисования способствует обогащению знаний и представлений детей о предметах и их использовании, материалах, их свойствах, способах действия с ними. У детей развивается способность переносить усвоенные знания в новые условия. Они узнают, что рисовать можно как красками, карандашами, фломастерами, так и подкрашенной мыльной пеной, свечой, использовать для рисования клей и т.д. Дети знакомятся с разными способами окрашивания бумаги, в том числе цветным клейстером, методом набрызгивания краски, узнают, что рисовать можно не только на бумаге, но и на специальном стекле, учатся работать кистью, карандашом, стеклой. Они пробуют рисовать предметы руками (ладонью, пальцами, кулаком, ребром ладони), получать изображения с помощью подручных средств (ниток, веревок, полых трубочек), с помощью природного материала (листьев деревьев) и т.п. [5]

Анализируя выше сказанное, можно сделать вывод, что традиционное рисование имеет значимое место в развитии познавательных процессов, но как показывает практика, на первых этапах обучения, дошкольникам с ЗПР затруднительно усваивать обычные техники рисования, в связи с незрелостью психических процессов, тогда как нетрадиционные техники рисования становятся для ребенка доступным средством выражения собственного замысла, эмоций, воображения. [2]

Выяснить насколько эффективно новое направление в изобразительном искусстве, то есть нетрадиционные техники рисования и влияние их на развитие познавательных процессов, стало целью нашего исследования.

Были поставлены задачи исследования: изучение педагогической, психологической и специальной литературы по исследуемой проблеме; определение специфики работы с детьми с задержкой психического развития дошкольного возраста; разработка календарно-тематического планирования на экспериментальный период для проведения занятий с использованием нетрадиционных техник рисования и стимулирующего материала коррекционно-развивающей направленности (КРН); проведение опытно-экспериментальной работы; выявление эффективности разработанной системы по влиянию на развитие познавательной деятельности у детей с ЗПР.

Всего в исследовании участвовало 10 детей – дошкольников с ЗПР с различными формами клинических проявлений. Обследуемые дети были поделены на две группы, в зависимости от возраста и уровня развития. Группа №1 была взята в качестве экспериментальной, в которой преобладали дети одного возраста и находились практически на одном уровне развития. Группа №2 – выступала в качестве контрольной, в этой группе средний возраст старше и уровень развития выше.

Опытно-экспериментальная работа осуществлялась в 3 этапа. В период первого этапа осуществлялся констатирующий эксперимент, направленный на определение уровня психофизического развития путем индивидуального психолого-педагогического обследования участников первой и второй группы.

В период второго этапа осуществлялся формирующий эксперимент, направленный на проведение коррекционно-развивающего процесса по индивидуальной программе каждого участника эксперимента в виде индивидуальных и подгрупповых занятий; 1) первой экспериментальной группы с использованием нетрадиционных техник рисования и стимулирующего материала КРН; 2) второй контрольной группы только с использованием стимулирующего материала КРН.

В период третьего этапа осуществлялся контрольный эксперимент, направленный на поведение психолого-педагогического обследования участников первой и второй группы эксперимента и получения результатов исследования.

Критерием оценки психических процессов при психолого-педагогическом обследовании в начале и в конце экспериментального периода стали следующие уровни сформированности: Н - низкий уровень, НС - ниже среднего, С – средний, ВС – вышесреднего, при подсчете выведен результат в процентном соотношении от количества детей обследуемой группы. (Таблица 1)

**Таблица 1**

Критерии оценки	В начале экспериментального периода		В конце экспериментального периода	
	1 группа	2 группа	1 группа	2 группа
	Н	60%	60%	10%
НС	25%	30%	50%	40%
С	15%	10%	40%	20%
ВС				

На основании полученных результатов эксперимента, мы сделали вывод, что коррекционные занятия с использованием нетрадиционных техник рисования являлись более эффективными и результативными, повышающими уровень сформированности психических процессов. В таблице 2 можно наиболее подробно рассмотреть изменения уровня процесса внимания в обеих экспериментальных группах, в начале и в конце исследования.

**Таблица 2. У – устойчивость, К – концентрация, П – переключаемость –  
□ начало эксперимента. ■ – конец эксперимента.**

У	1 группа						2 группа					
	У		К		П		У		К		П	
Н	80%	40%	60%	20%	60%	40%	90%	60%	100%	90%	60%	60%
НС	20%	40%	40%	80%	40%	20%	10%	40%		10%	20%	20%
С		20%				40%					20%	20%
ВС												

Опираясь на данные таблицы 2, мы пришли к тому, что в контрольной группе в наибольшей степени проявляется несформированность, слабость саморегуляции психической деятельности, низкая устойчивость и концентрация внимания. Как в начале исследования, так и в конце наблюдаются лишь незначительные улучшения.

Недостатки внимания детей с задержкой психического развития в значительной мере, связаны с низкой работоспособностью, повышенной истощаемостью, которые особенно характерны для детей с органической недостаточностью центральной нервной системы. [6]

Исходя из этого, мы сделали выводы, что на низкой результативности коррекционного процесса контрольной группы в сравнении от экспериментальной, повлияла недостаточность мотивации в учебной и игровой деятельности, какой являются нетрадиционные техники рисования.

Применение нетрадиционных техник рисования становится эффективным мотивационным компонентом, под влиянием которого у учащихся повышается интерес к занятию, дети лучше концентрируют

внимание, появляется возможность к выполнению более сложных заданий коррекционно-развивающей направленности.

Рисование нетрадиционными техниками не затрудняет процесс рисования в отличие от рисования обычным способом, а, наоборот, увлекают ребенка в творчество, где рождается воображение, чувство образного, прекрасного представления об окружающем, новое видение результатов своей деятельности, а, значит, повышается уровень познавательной деятельности.

Проведя данное исследование, изодетельность с использованием нетрадиционных техник рисования можно отнести к средствам, направленным на формирование высших психических функций, где происходит развитие сферы образов-представлений; формирование мыслительной деятельности: стимуляция мыслительной активности, формирование мыслительных операций, развитие наглядных форм мышления (наглядно-действенного и наглядно-образного), конкретно-понятийного (словесно-логического), в том числе элементарного, умозаключающего мышления; развитие пространственного гнозиса и конструктивного праксиса; формирование пространственно-временных представлений; развитие умственных способностей через овладение действиями замещения и наглядного моделирования в различных видах деятельности; развитие творческих способностей; развитие зрительно-моторной координации и формирование графомоторных навыков.

1. Казакова Р.Г. *Изобразительная деятельность младших дошкольников.* – М., 1980.

2. Екжанова Е.А. *Изобразительная деятельность в воспитании и обучении дошкольников с разным уровнем умственной недостаточности.* – СПб.: Сотис, 2002.

3. Захарова Ю.В. *Использование нетрадиционных техник рисования при обучении рисованию детей с интеллектуальной недостаточностью // Воспитание и обучение детей с нарушениями в развитии.* – 2008. – №3.

4. Комарова Т.С. *Изобразительная деятельность в детском саду.* – М., 1990.

5. Лебедева Е.Н. *Использование нетрадиционных техник рисования в формировании изобразительной деятельности дошкольников с задержкой психического развития» - Методическое пособие.* - М.: Классик - Стиль, 2004.

4. Захарова Ю.В. *К технологии формирования изобразительной и конструктивной деятельности у детей с особенностями психофизического развития / Коррекционно-образовательные технологии: пособие для педагогов / А.Н. Коноплева, Е.А. Калинина, В.П. Пархоменко и др.; научн. ред. А.Н. Коноплева.* - Минск: НИО, 2004. - С.122-134.

6. Марковская И.Ф. *Задержка психического развития: клиническая и нейропсихическая диагностика.* - М., 1993.

### Түйін

Авторлардың жүргізген әр түрлі зерттеулері мен тәжірибесінің нәтижесіне негізделген бұл мақала сурет салудың дәстүрі емес техникасының мағынасын және оның мектеп жасына дейінгі психикалық даму тежелісі бар балалардың танымдық қызметінің дамуына тигізетін әсерін ашады.

### Summary

Given article opens value nonconventional the technician of drawing and their influence on development of informative activity at children with a delay of mental development of the preschool age, based on the given various researchers and results of an experimental research of authors of article.

## КОРРЕКЦИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТЕРІНІҢ БОЛАШАҚ ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ӨНЕГЕЛІ САПАЛАРЫН ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ

**А.Ә. Рысдәулетов -**

*Қазақстан Республикасы «Тұран» университеті*

Кешегі өтпелі күннен көп ұзай қоймаған қазіргі кездегі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер адамдардың әлеуметтік-мәдени өмірінің өзгеруіне өз әсерін тигізді. Әсіресе, мұндай жағдай өскелең ұрпақтың әлі толық қалыптаса қоймаған тұлғалық сапалары болып табылатын- «құнды бағдарларына» өз ықпалын тигізбей қоймасы анық. Қоғамдағы мұндай тенденциялар өздерінің болашақ мамандықтарын денсаулық сақтау саласымен байланыстыра тандаған жастарды да айналып өтпесі түсінікті. Себебі, қандай мамандық иесі болмасын қоғамдағы болып жатқан құбылыстармен біте қайнасып дамитындығы заңдылық. Өз өмірлерінің басты бағыты етіп жеңіл өмір мен материалдық құндылықты бағдар етіп алу халықтың денсаулығына жауапты болашақ мамандар үшін аса қауіпті. Осындай келеңсіз жағдайларды болдырмай, оның алдын алу мақсатында медициналық жоғары оқу орындарының басшылары мен ғылыми-педагогикалық құрамы мәселені шешудің жаңа заман талабына сай қолайлы оқу-тәрбие механизмдерін қарастырғаны абзал.

Жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үрдістері жақсы жолға қойылған дегенімізбен де, студенттердің рухани әлеміне назар аудару кемшін тартып жататындығы жасырын емес. Бұл жерде айта кетер бір жайт, студенттердің өнегелі өмір салтының төмен болуына тек оқыту үрдісінің ғана емес, сонымен қатар, қоғамда кездесетін әр түрлі келеңсіз жағдайлардың да кері әсерлері өте көп. Әйтсе де, «ағаға қарап жас өсер» - демекші, ертеңгі ел қорғаны болар жастарымыздың бойынан рухани кемелденген, жоғары білікті,

отаншыл болып қалыптасқан қасиеттерді көргіміз келсе, онда болашақ мамандардың тұлға болып қалыптасуына үлгі болатындай талапты оқытушы-мамандар өзімізден бастағанымыз дұрыс. Себебі, жоғары оқу орнында білім алып жатқан жастарымыз өз бойына толып жатқан мәселелер мен қоғамдағы түрлі қайшылығы мол дүниелерді ақ-қарасын ажыратып жатпай-ақ сіңіре береді де сол дүниелердің байыбына терең бойламастан, оларды біржақты түрде сыртқа трансформациялайды. Ал біздер, ересектер қауымы оларға неге бұлай деп кінә қоя да алмаймыз. Оның себебі, жастардың психологиялық ерекшелігі де осы болып табылады. Сондықтан да, студенттердің тікелей ортасы қандай ахуалға ие болса, олардың жағымды не жағымсыз әрекеттері сол ортадағы ахуалға тікелей байланысты. Егер жоғары оқу орнындағы жалпы психологиялық климат нашар болса, онда студент жағымсыз жағдайларға бейімделгіш болып, оның соңы әрбір студенттің индивидуалдылығының төмендеуі мен эгоизмдік қасиеттері жоғарылап, қоғамға деген көзқарасы немқұрайды болып қалыптасуына ықпал етеді.

Болашақ жас дәрігерлердің тұрақты өнегелі сапаларын қалыптастыру мен дамытудың негізгі мотиві— қоғамды сапалы мамандармен қамтамасыз ету болып табылады. Осы орайда өскелең ұрпақтың кәсіби міндет, Отан алдындағы парыз, моральдық жауапкершілік, отансүйгіштік пен патриотизм секілді қасиеттерге негізделген өнегелі сапаларын қалыптастыру мен дамытудың маңызы орасан. Өнегелі сапаларды қалыптастыру мен дамытудың маңыздылығы сол, ол адам өмірінің жоғарғы мағынасы, сапалы мінез-құлықтың реттеушісі ғана емес, сонымен қатар ол— ұлттық, отбасылық, еңбек, білім және қоғамдық құндылықтар сияқты адам өмірінің барлық тұрмыстық жақтарын да қамтиды. Өнегелі сапалар жалпы адамзаттық сипатқа ие болып, бірақ адамдар арасында цивилизацияның қоғамдық-тарихи дамуында жетіліп-дамып отырады. Адамның өнегелі сапалары тұлғаның басқа да қасиеттерінен тыс қалыптаспайды, керісінше, тұлғаның барлық жеке қасиеттеріне өз ықпалын тигізе отыра, олармен тығыз байланыста дамиды. Олар адамның іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарына гуманистік мағына беріп, эмоциялық маңыздылығын арттыра түседі. [1]

Әрбір адамның өнегелі сапасының қалыптасуы мен дамуы оның өмірі мен қызметінің соңына дейін жүзеге асатындығы сөзсіз. Бірақ, болашақ маманның бойында аталмыш қасиеттердің негізгі қалыптасу кезеңі болып оның жоғары оқу орнындағы уақыты болып табылатындағы даусыз. Студенттің тұлғалық ядросы тәріздес өнегелі сапаларының ерекшелігі сонда, оның тұлғалық-рухани сапалары болып-адал дәрігер ретінде қоғамға ортақ, адам ретінде өзінің индивидуалды ерекшеліктерін сақтай білуі болып табылады.

Жоғары оқу орнында студенттерге қойылатын қатаң талаптар мен тек оқу үрдісімен ғана айналысуды үйрету олардың ішкі әлемінде кейбір қайшылықтарды тудыруы сөзсіз. Мұндай қайшылықтар, бүгінгідей демократияланған қоғамда жастардың еркін әрі гуманизмге бағытталған парасатты тұлға болып қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Ал, қоғамдағы гуманистік және демократиялық екі тенденция да бір ғана рухани—

гуманистикалық аспект болып табылады. Өз кезегінде гуманистік аспект студенттердің өнегелі сапалары мен оның рухани әлемімен тікелей байланысты. Олай дейтініміз, кез келген сыртқы әсерлер адамның ішкі процестеріне өз ықпалын тигізіп, нәтижесінде осыған байланысты тұлғаның нақты іс-әрекеттерін көруімізге болады. Егер жастарымыздың бойына адами құндылықтарға негізделген қасиеттерді дамытқымыз келсе, онда олардың индивидуалды-тұлғалық жақтарына назар аударып, оларға деген қатынастың субъективті-рухани аспектілерін орнатуымыз қажет. Мұндай қолайлы қатынасты орнату болашақ мамандардың кез келген жағымды-жағымсыз жағдайларға ішкі парасат деңгейімен қарап, өнегелі сапаға негізделген мінез көрсетіп, мәселені шешудің тиімді жолын таңдауларына мүмкіндік береді.

Адамның өнегелі сапасын дамыту мәселесі көп қырлы. Мұның философиялық аспектілерін Н.А. Беряева, В. Брожин, Г. Гегель, А.Г. Здравосмыслов, И.А. Ильин, И. Кант т.б. қарастырса, қарым-қатынас теориясына негізделген өнегелі сапалардың қалыптасу мәселелерін психологиялық тұрғыдан А.А. Бодалев, В.М. Мясичев, Б.Г. Ананьев, Л.И. Божович, Л.С. Выготский сияқты ғалымдар өз еңбектеріне арқау еткен. Ал, аталмыш мәселенің педагогикалық аспектілерімен В.И. Андреева, Е.В. Бондаревская, К.Д. Ушинский, Б.Т. Лихачева, А.С. Макарина т.б. ғалымдар айналысқан. [2]

Студенттердің өнегелі сапаларын қалыптастыру мен дамыту мәселелеріне мән беру психолого-педагогикалық ғылымның маңызды стратегиясының бірі. Бүгінгі таңдағы гуманистік бағытты ұстанатын оқу-тәрбие үрдістері аясында болашақ дәрігерлерді кәсіби жоғары деңгейде даярлау үшін ең алдымен шынайы өмірді бара-бар түрде қабылдау, қоршаған табиғи және әлеуметтік ортаға конструктивті сыйластықпен қарау, рухани-гуманистік кемелдену, шығармашылық шындалу, әлеуметтік маңызды қызмет, жоғары жауапкершілік, ұлттық сана мен тұлғалық сана, отаншылдық пен жоғары ішкі парасат, рухани қасиеттер мен қоғам алдындағы борыш сияқты адами құндылықтарды дамытуға негізделуі қажет.

Жастардың өнегелі сапаларын қалыптастыру мен дамыту үшін педагогикалық жүйеде теориялық-методологиялық және ұйымдастырушылық - әдістемелік негіздердің бар екені де мәлім. Мысалы, педагогика ғылымының нақты методологиялық принципі болып табылатын аксиологиялық бағыт бойынша еңбек еткен А.Ф. Анисимов, Е.В. Бондаревская, Т.И. Власова, Б.И. Додонов, М.С. Кеган сияқты ғалымдарды мысал ретінде көптеп келтіруге болады. [3] Ал, тұлғаның өнегелі сапаларын дамытудың психологиялық мәселелері бойынша А.А. Бодалев, В.Н. Мясичев, А.Н. Леонтьев, А.Ф. Лазурский, А. Маслоу, К. Роджерс, К. Юнг сияқты ірі зерттеуші-ғалымдардың методологиялық негіздеріне сүйене аламыз. [4]

Жастардың рухани сапасы мен тұлғалық келбеті тек идеологиялық шараларға ғана емес, сонымен бірге жас мамандардың тұлғалық ядросын қалыптастыру мақсатына бағытталған жоспарлы педагогикалық әсерлерге де тікелей байланысты. Гуманистік педагогика жан-жақты мотивациялар,

қажеттіліктер, қызығушылықтар, эмоциялық және еріктік қасиеттер мен моральдық-рухани және әлеуметтік ұйғарымдарды жетілдірудің басты факторы бола алады.

Өнегелі сапалардың жиынтығы адамның тұлғалық бейнесінің көрсеткіші десе де болады. Бүгінгі таңдағы психолого-педагогикалық ғылым тұлғаның негізгі құндылықтарын анықтап ғана қоймай, сол құндылықтарды темірқазықтай берік ұстана отырып, адамның бойындағы күллі позитивті қасиеттерді шынайы тәрбиелік-оқыту және өзін-өзі дамыту процестерінде жетілдіре түсуге мол септігін тигізеді (Е.В. Бондаревская, М.А. Вейт, Н.Д. Никандров т.б.). Адамның тұлға болып қалыптасу процесінде жасөспірімдердің негізгі өзегі болып өнегелі сапалар жүйесі болса, адамның есейген шағында оның тұлғалық көрсеткіші болып, сол жасөспірім шақта қалыптасқан өнегелі сапаларды өз өмірінде қаншалықты негізгі бағдар етіп алу-алмауына байланысты бағалауға болады (Б.Г. Ананьев, Л.И. Анциферова, В.А. Ядов т.б.). [5]

Ескеретін бір жайт, студенттердің өнегелі сапалары топтағы қатынастардың гуманизациялану процесіне тигізер әсері де зор. Сондықтан оларды үнемі зерттеп, зерттеп ғана қоймай қажет болса түзетіп, қалыптастырып отыру керек. Топтағы тұлғааралық қатынас барысында жас мамандардың өнегелі сапалары төмен ортамен қарым-қатынас процесі барысында тікелей байланысқа түскен уақытта жағымсыз психологиялық атмосфераны әсіре сезініп, психологиялық, тіпті физикалық қыспаққа тап болуы мүмкін. Мұндай жағдайда олардың ішкі өнегелі сапалары нағыз сынға түседі. Қолайсыз жағдайға тап болған дәрігер не өзінің ішкі рухани принциптеріне берік болады не оларды өзгертіп, жағымсыз атмосфера қалыптасқан ортаға бейімделе бастайды. Осындай қолайсыз жағдайда не істеуге болады? Ол үшін нағыз, шынайы өнегелі сапалардың не екенін білгеніміз жөн. Шынайы өнегелі сапалар жас дәрігердің рухани индивидуалдылығы дамыған, өзін тұлға ретінде еркін сезінген кезінде байқалады. Мұндай индивидуалдылық басқа индивидуалдылықтармен қарым-қатынас кезінде өзгенің деңгейін объективті бағалап, ешкімнің намысына қол сұқпай, өзінің ішкі қасиеттерін биік ұстап, өз позициясын берік ұстана отырып, байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Демек, өзінің өнегелі сапаларын ұстана отыра, дәрігер тұлғааралық қатынас процесі кезінде өзіне де, қоршаған ортасына да өзін рухани кемелденген субъект ретінде таныта алады. Әрине, дәл осындай өнегелі сапалары жоғары, рухани кемелденген мамандардың неғұрлым көп болғаны қоршаған сыртқы ортаға да өз әсерін тигізбей қоймасы анық. Себебі, мінез-құлық пен іс-әрекетке ұласқан тұлғаның ішкі гуманизацияланған субъективті жақтары сыртқы объективті жағдайларды да өзгертері даусыз. Осындай адамдардың саны көбейген сайын бір-біріне деген арақатынастары да жақсара түсіп, қоғамның келенсіз жақтарына объективті бағасын беріп, позитивпен қарап, оларды шешу жолының тиімді жақтарын тандайды. Айта кету керек, тек қарым-қатынастың мәдениетін қалыптастыру тұлғааралық рухани қатынастардың

барлық мәселелерін шешеді деу орынсыз. Студенттерді ішкі өнегелі сапалары жоғары дамыған тұлға ретінде қалыптастыру үшін, оның әдеттері мен дағдыларын, қабілеттері мен білім деңгейлерін, мінездері мен дүниетанымдарын жақсы жаққа бағыттай отырып дамытуымыз керек. Әлбетте, осындай жетістікке қол жеткізу үшін тек ұстаздардың біліктілігі мен үлгі бола білуі ғана емес, сонымен қатар студенттердің ішкі парасаты, қабілет-қарымы, мәдениеті, рухани өзін-өзі жетілдіруі де басты фактор болып табылады.

Болашақ дәрігерлердің өнегелі сапаларын қалыптастыру мен дамытудың тиімділігін арттырудың педагогикалық жүйесіне жоғары оқу орнындағы оқытушылар құрамының оқу-тәрбиелік жұмыстырының белсенділігі мен мақсаттылығының, әлеуметтік-гуманитарлық микроортамен жан-жақты байланысқан, тұлғалық әрекеттерге бағытталған мәдени, аксиологиялық құрылымдарға негізделген мақсатты, мазмұнды, технологиялық, диагностикалық, рефлексиялық басқарушы компоненттері жатады.

Манадан бері мәселе етіп көтеріп отырған өнегелі сапалардың ішінде болашақ дәрігер үшін ең маңыздысы- қоғам алдындағы борыш пен әрбір адамның патриотизмі. Енді, осынау өнегелі сапаларды оқу-тәрбие үрдісінің бір тәсілі, мақаламыздың тақырыбына арқау болған- «коррекциялық тренингтер» арқылы қалай дамытуға болатындығына тоқталайық. Оны айтпас бұрын біз ең алдымен коррекциялық тренингтің не екендігіне түсінік бере кетейік.

XX ғ. II-жартысында психология ғылымының қолданбалы және тәжірибелік салаларында «тренинг» сөзі пайда болып, қолданысқа кеңінен ене бастады. Бүгінгі күнге дейін «тренинг» түсінігінің нақты бір анықтамасы жоқ, сондықтан бұл термин психологиялық тәжірибеде әр түрлі іс-әрекеттердің, әдіс-тәсілдер мен құралдардың ортақ термині ретінде кеңінен пайдаланылады. «Тренинг» термині (ағылшынның *train, training*) оқыту, тәрбиелеу, жаттықтыру, үйрету сияқты бірқатар мағынаға ие. Мұндай көп мағыналық тренингтің ғылыми анықтамасына да тән. Ю.Н. Емельянов тренингке іс-әрекеттің кез келген қиын түрін игеру мен оқыту қабілеттілігін дамыту әдісінің топтамасы деген анықтама береді. Тренинг адам бойында қалыптасқан мінез-құлық пен іс-әрекеттерді басқару моделдерін қайтадан қалыптастыру тәсілі ретінде қолданылады және ұйымның жоспарлы белсенділігін арттыра түсу үшін оның мүшелерінің кәсіби білімі мен қабілеттілігін көтеруге бағытталған. Сондай-ақ, тренингті жеке тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын ұйымның мақсаты мен іс-әрекеттерінің талаптарымен сәйкес тәсілдерге сай өзгертудің бір бөлшегі деп қарастыруға болады. Бүгінгі таңдағы психологияда тренингті оқытудың немесе әлеуметтік психологияның белсенді тәсілдерінің бірі деген ұғым кең тараған. Л.А.Петровская әлеуметтік-психологиялық тренингті «өзара қатынастағы білімді, әлеуметтік белгілеулерді, қабілеттілік пен тәжірибені дамытуға бағытталған әсер ету құралы» ретінде қарастырады. Тренинг жұмысының нәтижелі болуының бір талабы- оқыту барысында шешімін табуы тиіс

міндеттерге оқытушының ықпал ете алуы болмақ. Ықпал ету белгілеулер деңгейінде немесе қабілеттер мен дағдылар, сондай-ақ перцептивті қабілеттер және т.б. деңгейлер негізінде жүзеге асады [6].

Коррекциялық тренингтердің мақсаты— адамның психологиялық мәселелерін шешуге, өзін тауып жаңа өмір бастауға негізделген. Тренингтің бұл түрі тест, әнгімелесу, кеңес беру сияқты тәсілдерді қолданбай-ақ, тренингтік формада психодиагностикалық әдіс ретінде қатысушылар жайлы мәліметтер жинауға мүмкіндік береді. Тренингтің жаттығуларын орындай отыра, әрбір қатысушы өзі жайлы мәліметтерді сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрсетіп жатқандығын аңғара да бермейді. Оның психологиялық портреті анық байқалады. Одан әрі коррекциялық жаттығулар тағы да сөз жүзінде емес іс жүзінде әрбір қатысушының психологпен бірлесіп отырып өз мәселелерін шешіп, жаңа конструктивті мінез-құлықтарды қалыптастыруға жағдай жасайды. Тренингтің адаптациялық бөлігінде әрбір қатысушы өз жетістіктерін нақты өмірді пайдалануға, яғни тек тренингте ғана емес, сонымен қатар басқа адамдармен қатынасында тиімді пайдаланып, сәтті әрі бақытты өмір сүруге бейімделіп, икемделеді. Коррекциялық тренингтерді өту санаулы күндер мен апталар ішінде адамды өз кәсібіне шынайы бейімделуіне, оның бара-бар сенімділігін арттырып, бәсекеге қабілетті, тұлғалық және кәсіби дамуына көмектеседі. Мұндай тренингтердің нәтижесі бірнеше жылдарға жетеді. Бірақ, қоғам мен адамның ішкі дамуының тоқтаусыз екендігін ескерсек, одан әрі шыңдала түсу үшін кәсіби мамандардың кеңес-көмектеріне жүгініп отырған жөн [7].

Болашақ дәрігерлердің өнегелі сапаларын дамыту үшін коррекциялық тренингтер келесідей нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

1. Студенттердің тұлғалық-моральдық сапасының даму деңгейін анықтап ғана қоймай, сол сапаларды меңгеріп, қоғам алдындағы борышын рухани сезіммен өтеуге.

2. Дәрігерлік этика ережелері мен пациенттердің рухани талаптарын, қоғамдағы нормалар мен принциптерді, адами құндылықтарды моральдық сана деңгейімен сезініп байыта түсуге.

3. Өзіндік реттелу мен өзіндік басқару тұрақты, рухани сезіммен қалыптасып, беки түседі.

4. Студенттердің рухани сезімдері мен өнегелі сапаларын қалыптастырады.

5. Моральдық шешімдерді таңдау мәдениеті қалыптасады.

6. Жастардың өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамытуға ұмтылу және олардың мінез-құлқында жағымды әдеттердің беки түсуіне ықпал етеді.

Қорыта келе айтарымыз, оқу-тәрбие процесінде коррекциялық тренинг тәсілін пайдалана оқыту арқылы-болашақ мамандардың бойында білімге деген құшралық, өз ісіне деген жауапкершілік, ар-намыс, қайрымдылық, кісілік пен адамгершілік, ішкі парасат пен мәдениет, жағымды қасиеттер мен адами құндылықтар сияқты өнегелі сапаларын дамытып, оның тұлға ретіндегі біртұтас бейнесін қалыптастыруға болады.

1. Крайн У. *Секреты формирования личности. Теории развития.* – СПб., 2002.
2. Карандашев В.Н. *Методика преподавания психологии.* – СПб., 2005.
3. Рогинский В.М. *Азбука педагогического труда.* – М., 1990.
4. Смирнов С.Д. *Педагогика и психология высшего образования.* – М., 1994.
5. Конн Л. *Практикум по возрастной и педагогической психологии.* – М., 2001.
6. Дастанқызы Б. *Психологиялық жаттығулар жинағы.* – Алматы, 2007.
7. Мальханова И.А. *Коммуникативный тренинг.* – М., 2006.

#### Резюме

В данной статье показано использование коррекционных тренингов в учебном процессе, которые формируют и развивают нравственные качества будущих врачей.

#### Summary

In given article the use of the correctional trainings in educational process which form and develop the moral qualities of future doctors is shown.

### ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ БАРЫСЫНДА ЕСКЕРІЛЕТІН ҚАҒИДАЛАР

**Г.Б. Ибатова** – аға оқытушы  
*Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазақстан Республикасының «Мүмкіндіктері шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау көрсету туралы» заңы [1] дамуында проблемалары бар барлық балаларға арнайы түзету көмегін көрсетуде кепілдік береді. Аталған балалардың ішінде ең үлкен топты құрайтындар – сөйлеу тілі дамымаған балалар. Балалардың бұл категориясына сөйлеу тілінің жан-жақты бұзылыстары тән.

Сөйлеу тіл құралдарының жетіле дамымауы танымдық және эмоциялы-ерік аясының деңгейін төмендетеді де, мектеп бағдарламасын меңгерудегі қиындықтарға, әсіресе жазу мен оқуды меңгеруге кері әсерін тигізеді. Осыған байланысты, жалпы сөйлеу тілі дамымаған (кейін ЖСТД деп аталады) балалармен мектеп жасына дейінгі кезеңде жүргізілетін түзете-дамыту әрекетінің тиімді мазмұнын белгілеу мәселесі туындап отыр. Оған сәйкес, балалардың сөйлеу тілінің кемістіктері ғана жойылып қоймай, олардың жалпы

дамуына әсер етіп, мектепте оқуға дайындап, ол жердегі проблемаларын болдырмас еді. Осы міндетті шешумен арнайы мектепке дейінгі мекемелерде оқытып тәрбиелеудің қағидаларын белгілеу және жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың мектептегі оқу үлгерімі байланысты болып келеді. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балаларды оқытып тәрбиелеуде қазіргі заманға сай бұзылысты түсіну және оны түзету процесінің бағыттарын көрсету қажет. Оқытып тәрбиелеудің теоретикалық негізін атақты ресейлік ғалымдар: Л.С. Выготский [2], А.В. Запорожец [3], Р.Е. Левина [4], Т.Б. Филичева [5], Т.Б. Филичева, Г.В. Чиркина [6], және т.б. балалардың қалыпты және патологиялық жағдайдағы психикалық дамуының негізгі заңдылықтарын құруға арналған, түзету мен дамуға тән сәйкестігіне, бұзылыстардың біріншілік және екіншілік сипатын зерттеуге және «дамудың өзекті аймағы мен дамудың жақын аймағы» туралы фундаменталді жайларға арналған зерттеулері кұрайды.

Сөйлеу тілінде кемістіктері бар балалармен түзету жұмысын жүргізу барысында ескерілетін қағидалар - сөйлеу тілінің ақаулықтарын түзету процесінде логопедпен балалардың іс-әрекетін белгілейтін жалпы жағдайлар. Логопедиялық әсер етуді түзете-дамыта оқытып тәрбиелеудің міндеттері іске асырылатын педагогикалық үрдіс ретінде қарастыруға болады. Түзете оқытуды ұйымдастыру процесінде жалпыдидактикалық қағидалар (оқытудың тәрбиелік мәні, ғылымилық, жүйелілік және кезектілік, қолжетерлік, көрнекілік, саналылық және белсенділік, баланың жеке ерекшелігін ескеру) үлкен мәнге ие.

Сөйлеу тіл бұзылыстарын түзеткенде олардың пайда болуына себепші болған этиологиялық факторлардың ерекшеліктерін ескеру қажет. Оларға ішкі, сыртқы, биологиялық және әлеуметтік-психологиялық факторларды жатқызуға болады.

Мектеп жасына дейінгі ЖСТД балалардың сөйлеу тіл ерекшеліктерін, психикалық процестерінің өзгешелігін ескере отырып, олармен оқыту және тәрбиелеу, түзету жұмысын ұйымдастырғанда негіз ретінде төмендегідей қағидаларға сүйенген жөн:

1. Бұзылысты жоюдағы *жүйелілік қағидасы*. Құрылымдық компоненттері тығыз байланысты сөйлеу тілі- күрделі функционалды жүйе деген түсінікке сүйенеді. Логопедиялық жұмыста ақаулықтың құрылымын, жүргізуші бұзылысты, біріншілік және екіншілік бұзылыстардың өзара қатысын белгілеуді көздейді. Осыған сай сөйлеу тілі кемістігін түзету функционалды сөйлеу жүйесінің барлық жағына (лексикалық, грамматикалық, фонетикалық) әсер етуді көздейді. Аталмыш қағида түзете-дамыту әрекетінің нәтижесін болжауға мүмкіндік береді.

2. *Онтогенетикалық қағида* – балалардың тілін онтогенездегі ерекшеліктеріне (балалардың сөйлеу тілінің қалыпты жағдайда даму заңдылықтарын ескеру) сүйене отырып дамыту, себебі жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) балалардың сөйлеу тілі қалыпты дамыған баланың бойындағы заңдылықтар бойынша дамиды. Логопедиялық әсер ету

әдістемесін құрастыру сөйлеу тілінің түрлері мен функцияларының пайда болу кезектілігін және онтегенездегі баланың іс-әрекет түрлерін ескеріп жүргізіледі. Баланың сөйлеу функциясының қалыптасуының объективті және субъективті жағдайларын талдау, жүргізуші ақаулықты және соның салдарынан күрделенген психикалық дамуының кемістіктерін айқындау көзделеді.

3. *Сөйлеу тілінің психикалық дамудың басқа жақтарымен байланысы қағидасы.* Бұл қағида сөйлеу тілінің басқа психикалық процестермен қалыптасуының өзара байланысын ашады. Сөзсіз психикалық процестердің (зейін, ойлау, есте сақтау, қабылдау, т.б.) даму барысында сөйлеу тілі дамуы үшін, жазбаша сөйлеу тілін меңгеру үшін қажетті психологиялық қор қалыптасады.

4. Екіншілік бұзылыстардың алдын алу мақсатында *сөйлеу әрекетіне ерте әсер ету қағидасы.* Қазіргі уақытта ерте басталған түзету жұмысының тиімділігі дәлелденіп отыр. Сондықтанда бүгінгі күні 2-3 жастағы жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) балаларға арналған топтар (бірінші кішкентайлар тобы) ашылууда.

5. *Мектепке дейінгі мекемеде және отбасында түзете-оқыту процесінің үздіксіз және кешенділік қағидасы* (ата-ана, логопед, тәрбиешілер жұмысындағы келісімділік т.б.). Кешенділік талаптары сабақтарда, күн тәртібін орындау барысында, отбасы жағдайында және т.б. жалпы және түзету педагогикасының, педагогикалық және арнайы психологиядағы әдістер, әдістемелер, тәсілдер мен құралдарды, логопед пен тәрбиеші сабақтарында қалыптастырылған сөйлеу біліктерін және танымдық дағдыларын бекіту мақсатында қолдану қажеттілігін көздейді.

6. *Кешенділік қағидасы.* Сөйлеу тілі бұзылыстарының этиологиясын, патогенезін және механизмін ескеруді көздейді. Сөйлеу тілі бұзылыстары көбінесе жүйке – психикалық аурулар синдромына қосылады (дизартрия, алалия, тұтықпа т.б.), сондықтан баланың сөйлеу тіліндегі ақаулықты түзетуге бағытталған логопедиялық көмектен басқа оны медициналық – психологиялық жағынан қолдау қажет.

7. *Шоғырландыру қағидасы.* Түзете-дамыту әрекеті бір лексикалық тақырып ішінде бір кезеңнен екіншіге өту барысында күрделенеді. Осы қағидаға сәйкес, оқыту және тәрбиелеу жұмысында берілген оқыту кезеңдері өзара байланыста болуы қажет: оқытудың мазмұны әр кезеңде балаларды жана, күрделі материалды меңгеруге дайындайды.

8. *Бірізділік қағидасы.* Бір жағдайларда тақырыптық пәнаралық байланыс болса, басқа жағдайларда педагогикалық ойы бойынша жалпы болады. Бұл қағиданың іске асырылу мақсатында оқу материалы қайталанып отырады да, ЖСТД балаларда тұрақты біліктер мен дағдылар қалыптасады.

9. *Жеке және дифференциалды көзқарас қағидасы* түзете-дамыту

әрекетінде сөйлеу тілі бұзылысының құрылымын, этиологиясын, механизмін, бұзылыстың симптоматикасында балалардың тұлға ретінде қалыптасу ерекшеліктерін және танымдық мүмкіндіктерін ескеруді көздейді. Аталмыш қағида жұмыс темпінің жекешелігін – өткен кезең материалын толық меңгергенде ғана оқытудың жаңа кезеңіне өтуді көздейді.

10. *Құрылымдық-семантикалық қағида*. Логопедияның теориясы мен тәжірибесін талдау барысы көрсеткендей, баланың сөйлеу тілінің семантикалық жағын дамытуда тілдің лексикасы және грамматикасы жеке қарастырылады. Лексикалық семантиканы меңгеру сөздік жұмыс негізінде жатыр, ал грамматикалық семантиканы меңгеру сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын дамыту жұмысында іске асырылады. Тіл тәжірибесінде бұл аспектілер тығыз байланыста. Сөйлеу тілінің семантикалық жағының дамуы өз ретінде, жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тіл бұзылыстарын түзетін теңестіруге ықпал етеді және түзету-логопедиялық жұмыстың деңгейін жоғарылатады.

11. *Сөйлеу тіліне үйретудің қатынастық бағыттылығы қағидасы*. Баланы қатынас жасаудың құралдарына ғана оқыту емес, сол құралдарды белсенді түрде тәжірибелік қатынаста қолдануға үйретуге бағытталған.

12. *Тұлғалық-бағдарлау қағидасын* ЖСТД мектеп жасына дейінгі балаларды түзете-дамыту әрекетінде қолдану, білім беру процесін ұйымдастырудың ойын түрін эмоциялық қатынас негізінде көп қолдануды; қимыш белсенділігі тәртібін енгізуді, психикалық және физикалық жүктемені мөлшермен беруді, оқыту материалының баланың күнделікті өмірімен байланысын; көрнекі және дидактикалық құралдарды көп қолдануды қажет етеді.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының [7] талаптарына сай іске асырылады және мазмұнында білім берудің 5 саласы ескеріледі: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет».

Сөйлеу тілінің жүргізуші бұзылысының сипаты – лексика-грамматикалық және фонетика-фонематикалық құралдардың жетілмеуінде байқалып, сөйлеу мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру мекемесінде (арнайы балабақшалар) аса назар «Қатынас» білім саласына бөлінеді. Басқа салалар да сөйлеу білігі мен дағдыларын дамыту бойынша атқарылатын жұмысты міндетті түрде көздейді.

1. *Қазақстан Республикасының «Мүмкіндіктері шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау көрсету туралы» заңы*. – Алматы, 2005.

2. *Выготский Л.С. Мышление и речь / Собр. Соч. – М., 1982.*

3. Запорожец А.В. Актуальные педагогические психологические проблемы дошкольного воспитания. – М., 1970.

4. Левина Р.Е. Характеристика общего недоразвития речи у детей. // Основы теории и практики логопедии. – М., 1968. – С.67-84.

5. Филичева Т.Б. Система коррекционной работы с дошкольниками в группах для детей с ОНР // Проблемы патологии речи. — М., 1989.

6. Филичева Т.Б., Чиркина Г.В. Устранение общего недоразвития речи у детей дошкольного возраста: Практик. пособие. – М., 2004. - С. 70-71.

7. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Алматы, 2008.

#### Резюме

В данной статье, помимо дидактических принципов обучения используемых в общей педагогике, рассматриваются специфические принципы, которые необходимо учитывать при обучении и воспитании дошкольников с общим недоразвитием речи. И только при соблюдении их в коррекционной работе можно добиться положительных результатов.

#### Summary

In this article they focus on specific principles of teaching and bringing up children with undeveloped speech. With their help in correctional work such kind of children can reach positive results.

## ХЛАМИДИЙНАЯ ИНФЕКЦИЯ И ПЕРСИСТЕНЦИЯ

(литературный обзор)

У.С. Умарова - ЦПМСП «Кулагер»

